



**2023 жылдың
желтоқсан айындағы
Сәкен Жүнісов атындағы
№18 мектеп-лицейі асханасындағы тағам сапасын
мониторингтеу комиссиясының жұмысының қорытындысы туралы
анықтама.**

2023 жылдың желтоқсан айында Сәкен Жүнісов атындағы №18 мектеп-лицейінің мектеп асханасындағы тамақтану сапасын мониторингтеу комиссиясы тамақтану жағдайын ұйымдастыруды мониторингтеу мақсатында, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы, Кепілдендірілген әлеуметтік пакет шеңберінде көрсетілетін көмектің түрлері мен көлемін анықтау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1032 қаулысы, ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 949 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 949 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан, сондай-ақ отбасылардан шыққан мемлекеттік оқу орындарының студенттері мен тәрбиеленушілеріне материалдық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау және жұмсау, есепке алу ережелері, жиі басына шаққандағы кірісі күнкоріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмаған және жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін тұрады ауысқын отбасы, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл көмекті қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға және басқа санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілер», «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқытын балаларды тамақпен қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қаңдағы № 598 бұйрығы негізінде 3 мәрте мониторингтеу атқарды. Асханада дайындалатын тағамдар сапасын мониторингтеу барысында келесі анықталды:

1.4 апталық перспективалы ас мәзірі, күнделікті ас мәзірі бар, 4 апталық ас мәзірі Көкшетау қаласы білім бөлімін бекіткен біржелкі ас мәзіріне сәйкес.

2.Мониторингтеу комиссия мүшелері оқушыларға ұсынылатын тағамдардың дәмін татып, өлшеді. Дайын тағам талаптарға сай. Дайын астың үлгісі тоңазытқышта көрінетін жерде орналастырылған.

3.Тамақтануды ұйымдастыру: мектеп асханасының кіреберісінде ұстаздар кезекшілік атқаруда. Кезекшілер асханаға келген оқушылардың назарын тамақтану алдында қол жуу қажет екеніне назірларын аударып, ескерту жасауда. Қол жууға арналған сұйық сабын құйылған құтылар және раковина қарастырылған. Асхана залында әр сынып жеке столда тамақтанады. Бастауыш сыныптардың жетекшілері сыныптарымен бірге.

4.Стол жасау эстетикасы: столдар таза сүртілген, столдарды жууға арналған арнайы жабдықтар қолданылады, ыдыс-аяқ таза, шеті шытынамаған.

5.Қоймада және тоңазытқыштарда азық-түлік төңіреті, яғни «Тағам қорshiлестігі» ережесі сақталған.

6.Ыдыс -аяқты жуу және дезинфекциялар ережелері сақталады.

Қорытынды: асхананың санитарлық жағдайы жақсы, барлық тиісінше орындалады, мектеп асханасына әкелінетін тағамның сертификаты бар.

Орын. Балғыбекова Д.О.